

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Ақпараттық жүйелер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тапсырмалар

1. Төменде Bigdata туралы мәліметтер берілген. Артықшылығы мен кемшілігін анықтаңыз.
- A. Үлкен ақпаратты талдау инновациялық шешімдерді табады
 - B. Үлкен ақпаратты талдау нәтижесінде алынған үлкен нәтижелер жаңылыстыруы мүмкін
 - C. Үлкен ақпаратты талдау құпиялылықты сақтамайды
 - D. Ғылым мен зерттеуді жақсартуға көмектеседі
 - E. Көп мөлшердегі мәліметтер құрылымданбаған
 - F. Бір платформа шексіз ақпаратқа ие
 - G. Үлкен ақпаратты сақтау орындары қымбат болуы мүмкін
 - H. Үлкен ақпаратты жылдам жаңалау нақты сандарға сәйкес келмеуі мүмкін

Артықшылығы	Кемшілігі

2. Компания өзінің берілген деректер қорында клиенттері туралы толық ақпаратты сақтайды. Берілгендер қорындағы келесі өрістер үшін берілгендер типін анықтаңыз.

Өріс атауы	Берілгендер типі
ҚР азаматы	
Телефон нөмірі	

3. Реляциондық берілгендер қорының **Жеткізуші** және **Өнім** кестелері берілген.

Жеткізуші		
ЖеткізушіКоды	АтыЖөні	ПоштаКоды
32	Пернебаев Ж	201220
51	Сабитова Д	164535

Өнім				
Код	Атауы	Бағасы	ЖеткізушіК	Сань
101AA	Сабын	120,00	32	100
321FD	Сұсабын	560,00	51	100

Өнім кестесі үшін кілттік өрісті анықтаңыз және өз таңдауыңызды негіздеңіз.